

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті



Бекітілді
КЕАҚ «Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университетінің»
Директорлар Кеңесінің шешімі
Хаттама №5 «31» мамыр 2021ж.

**КЕАҚ «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» корпоративтік
этика кодексі**

Қызылорда, 2021 ж.

Мазмұны

1. Қолдану саласы
2. Нормативтік сілтемелер
3. Анықтамалар, терминдер мен қысқартулар
4. Мақсаттар мен міндеттер
5. Қағидалар мен құндылықтар
6. Жоғары оқу орнының оқытушысы мен қызметкерінің мінез-құлықтарының этикалық міндеттері
7. Сыбайлай жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
8. Оқытушылар арасындағы өзара қарым-қатынастар
9. Оқытушылардың әкімшілікпен өзара қарым –қатынастары
10. Шиеленісті жағдайлар мен даулы мәселелерді шешу қағидалары
11. Кодекс ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік





1. Қолдану саласы

1.1. **КЕАҚ «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» корпоративтік этика кодексі** (әрі қарай Кодекс) бұл университеттің оқытушы-профессор құрамы мен қызметкерлерінің моральдық және өнегелік мінез-құлық пен қарым-қатынас нормаларының жиынтығы білдіретін жоғарғы оқу орнының ішкі ұйымдық- нормативтік құжаты.

1.2. Кодекс жоғары оқу орнының қолайлы моральдық-психологиялық ахуалын жасауға бағытталған.

1.3. Университеттің қызметкері әдеп нормаларын сақтай отырып, университеттің бейнесі мен беделін нығайтуға жеке үлес қосады.

1.4. Кодекс КЕАҚ Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Директорлар Кеңесімен бекітілгеннен кейін күшіне енеді. Кодекске Директорлар кеңесінің шешімімен өзгертулер және толықтырулар енгізіледі.

2. Нормативтік сілтемелер

2.1. Осы Кодекс мыналарға сәйкес әзірленді:

- Құндылықтар Хартиясы;
- Еуропа Университеттерінің Ұлы Хартиясы;
- ҚР «Білім туралы» Заңына;
- ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңына;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне;
- ҚР №293-VI «Педагог мәртебесі туралы» Заңына;
- ҚР БЖҒМ «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» №190 бұйрығына;
- Жоғары оқу орындарының қызметін ұйымдастырудың Типтік ережелеріне;
- Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Ұжымдық келісімшартына;
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы коммерциялық емес акционерлік қоғамның корпоративтік басқару кодексіне;
- Осы Кодексті әзірлегенде көпшілік мойындаған мінез-құлықтың өнегелік және этикалық нормалары, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Жарғысының ережелері мен Ішкі тәртіп ережелері ескерілді.

3. Анықтамалар, терминдер мен қысқартулар

3.1. Осы Кодексте келесі негізгі терминдер мен анықтамалар қолданылды:

Іскерлік этика - іскерлік шешім қабылдауды қамтамасыз ететін этикалық нормалар мен қағидалар және ЖОО-ң іскерлік мінез-құлқын қалыптастырады.

Кодекс - ережелер, қағидалар, нанымдар жиынтығы.

Мүдделер шиелінісі - қызметкердің қызметтік міндеттерін объективті орындауға және сол қызметкердің жеке мүддесі мен азаматтардың, ұжымның, мемлекет пен қоғамның заңды мүдделері арасында туып қаулы

мүмкін қарама-қайшылықтарға, сонымен қатар сол заңды мүдделерге залалын тигізуге әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін ахуал.

Университеттің корпоративтік мәдениеті - бұл жоғары оқу орнында білім алатындар мен барлық қызметкерлер бөлісетін құндылықтар, ережелер, дәстүрлер мен мінез-құлық нормаларының жүйесі.

Корпоративтік мінез-құлық - ол Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің қызметіне байланысты сан алуан іс-әрекеттерді қамтитын ішкі және сыртқы мінез-құлық.

Этика - мінез-құлық нормаларының жиынтығы.

3.2. Кодексте келесі қысқартулар қолданылады:

ОПҚ - оқытушы-профессор құрамы;

ҚРБЖҒМ-Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі.

4. Мақсаттары мен міндеттері

4.1. **Кодекстің негізгі мақсаты** - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің стратегиялық даму мақсаттарына жету үшін қызметкерлердің қабылданған стандарттар мен іскерлік этика нормаларын сақтауы университеттің корпоративтік мәдениеті мен бейнесін нығайтуы.

4.2. Кодекстің міндеттері:

- университетте білім алушылар, оқытушылар мен қызметкерлердің қарым-қатынастары мен қызметтерінің моральдық нормаларын ұстау және қалыптастыру;

- университет қауымдастығының мүшелері арасында ынтымақтастық, өзара түсіністікті бекіту;

- туындайтын даулар мен шиеліністердің ширығуына жол бермеу, өзара түсіністікке ықпал ететін ахуалды сақтау үшін барлық туындаған қайшылықтардың ымыраластық шешімін іздестіру;

- университеттің корпоративтік мәдениетін нығайту, оқытушылар мен қызметкерлердің беделін көтеру.

5. Қағидалар мен құндылықтар

Университеттің оқытушысы мен қызметкері өзінің кәсіби қызметінде келесі құндылықтар мен қағидаларды ұстанады:

- Адалдық;
- Кәсібилік;
- Әділдік;
- Өнегелік;
- Ізгілік;
- Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік;
- Ұлттық және жалпы адами құндылықтар.

6. ЖОО оқытушысы мен қызметкері мінез-құлықтарының этикалық міндеттері

6.1. Міндеттерді орындау кезінде ЖОО оқытушысы мен қызметкерінің кәсіби этикалық әділдік пен жауапкершілікті кәсіби деңгейде қадағалауды талап етеді.

6.2. Университет қызметкері тиіс:

- өзіне талапшыл болуға, өзін өзі жетілдіруге, өзін өзі жұмысқа жұмылдыруға, өзін өзі рефлекстеуге және өзін өзі тәрбиелеуге ұмтылу, өз қызметінде мәдениетке қайшы, адамгершілікке жат, заңсыз іс-әрекеттерге жол бермеуге;

- кәсібиліктің, мінсіз беделдің үлгісі болуға, педагогикалық негізделген және білімнің жоғары сапасын қамтамасыз ететін оқыту мен тәрбие формасын, әдістерін қолдануға; сөйлеу және қарым-қатынас мәдениетін сақтауға;

- құзыретті, ұстамды, әдепті және зейінді болуға, білім алушылардың үшінші тұлғалар мен университеттің басқа да қызметкерлерінің абыройы мен қасиеттерін сыйлауға;

- ұжымның мәдени даму процесіне және жастар арасында жалпы адами құндылықтар мен ұлттық дәстүрлерді таратуға қатысу;

- Қазақстан мен басқа мемлекеттердің салт-дәстүрлеріне толеранттық пен құрмет көрсетуге, түрлі этникалық, әлеуметтік топтар мен конфессиялардың басқа да ерекшеліктерін ескеруге, білім алушылардың ұлтаралық және конфессиялық келісіміне ықпал етуге;

- іскерлік киім үлгісін қадағалауға;

- университеттің беделін қадірлеуге, кәсіби қауымдастықта оның жағымды беделін ойлауға және ЖОО мүддесіне нұқсан келтіретін кез келген әрекеттерге жол бермеуге;

- тұлғааралық этикетті, бағыныстылықты, іскерлік этика мен мәдениет нормаларын сақтауға.

6.3. Университеттің оқытушылары мен қызметкерлері мыналарды жасамауы тиіс:

- әріптестері мен білім алушылардың қадір-қасиеттерін кемсітуді, былапыт сөздерді қолдануды, тұрпайылық пен менмендік көрсетуді;

- білім алушылардың көзінше әріптестерінің жеке басын немесе олардың кемшіліктерін талқылауды;

- жұмысқа ішімдік ішіп келуді және университетте алкоголь ішімдіктерін тұтынуды, темекі шегуге болмайтын жерлерде темекі шегуді;

- діни идеяларды, сондай-ақ ұлтаралық бірлікке және конфессияаралық келісімге қайшы келетін пікірлер мен нұсқауларды таратуды;

- жұмысқа кешігуді, сабақ өткізу немесе өзінің қызметтік міндеттерін орындау уақытын қысқартуды, оларды дәлелсіз себептермен бос өткізіп жіберуді;

- өзінің қызметтік міндеттерін орындауда дөрекілік пен ынтасыздық танытуды;

- өзінің қызметтік өкілеттіктерін қызметкер мен білім алушыға катысты теріс пайдалануды, білім алушыларға біржақты қарауды және олардың білімін бағалауда субъективизмге жол беруді;

- университеттің әкімшілігінің шешімдері мен оның бөлімшелерінің қызметі туралы жалған ақпараттар таратуды.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар

7.1. Сыбайлас жемқорлыққа төзбеу - азаматтық ұстаным, адалдық пен сатылмаушылық - университеттің әрбір оқытушысы мен қызметкерінің мінез- құлық нормасы.

7.2. Оқытушы мен қызметкер қауіпті сыбайлас жемқорлық мінез- құлыққа жол бермеу шараларын қабылдайды, адалдық, бейтараптық пен әділдік үлгісі болып табылады.

7.3. Оқытушы мен қызметкер өзінен қандай да бір шешім қабылдауды күтетін тұлғадан немесе ұйымнан материалдық құндылықты білдіретін сыйлықтар, тартулар немесе кез келген басқа ұсыныстарды қабылдауға құқылы емес.

8. Әріптестер арасындағы өзара қарым-қатынастар

8.1. Әріптестер арасындағы өзара қарым-қатынастар ынтымақтастық, сыйластық қағидаларына негізделген. Оқытушы мен қызметкер де өзінің ғана емес, әріптесінің де беделін қорғауға құқылы.

8.2. Оқытушы мен қызметкер өздерін әріптестерімен мәдени-этикалық нормаларға сәйкес ұстауы тиіс. Әріптестердің бір-біріне теріс қарым-қатынас жасауына жол берілмейді, оның көрінісі сыйламаушылық деп саналады.

8.3. Оқытушы мен қызметкер шиелініске жол бермеуі тиіс, шиеліністі жағдайлар туындаған жағдайда ол оны конструктивті шешуге ұмтылуы тиіс.

8.4. Оқытушы мен қызметкер әріптесінің жұмысы туралы өз пікірін ашық білдіруге құқылы. Әріптестің атына айтылатын сын жан-жақты әрі негізді болуы және оның көзінше айтылуы тиіс.

8.5. Өз қызметі, университет туралы ой пікірлер, түсіндірулер, жарнамалық хабарландырулар қошталады және көтермеленеді.

9. Оқытушылар мен қызметкерлердің әкімшілікпен өзара қарым-қатынастары

9.1. Корпоративтік этика Кодексі сөз бостандығы, сенім мен сыйластық, демократия, оң эмоциялар мен әділеттілік қағидаларына негізделеді.

9.2. Университетте өзара сыйластық, коммуникацияға сүйенетін қарым-қатынас мәдениеті сақталады. Ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалды университет әкімшілігі қадағалайды.

9.3. Әкімшілік әрбір қызметкердің саяси, діни, философиялық көзқарастарына, пікірлері мен мүдделеріне қатысты толеранттық сақтай отырып, коммуникативтік қарым-қатынас үшін жағдайлар жасайды.

9.4. Әкімшіліктің оқытушылармен өзара қарам-қатынастары тең құқықтық негізде құралады.

9.5. Оқытушы мен қызметкердің сіңірген кәсіби еңбектері жан-жақта және бағалануы тиіс.

9.6. Оқытушылар мен әкімшіліктің қызметкерлері университеттің материалдық-техникалық және басқа ресурстарын ұқыпты және негізді пайдаланады.

10. Шиеленісті ахуалдар мен даулы мәселелерді шешу қағидалары

10.1. Университеттің барлық оқытушылары мен қызметкерлері өз әріптестерінің мүдделеріне құрметпен қарай отырып, шиеленіссіз қызмет жүргізуге ұмтылады.

10.2. Әкімшілік, сапа менеджменті жүйесін дамыта отырып, өз қызметкерлерінің міндеттерін айқын бөлуді қамтамасыз етеді, бұл шиеленісті жағдайларды болдырмауға ықпал етуі тиіс.

10.3. Әкімшілік болуы мүмкін шиеліністерді екіжақты және көпжақты келіссөздер көмегімен конструктивті шешуді құптайды, әлеуетті шиеленісті ахуалдардың туындауының алдын алу мақұлданады.

10.4. Шиеленісті шешу, оның туындауынан болуы мүмкін залал университет қызметі үшін барынша аз болатындай, ал шиеленісті жағдай мүмкіндігінше қысқа мерзімде шешілетіндей етіп жүргізілуі тиіс.

11. Кодекс ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік

11.1. Университеттің барлық оқытушылары мен қызметкерлері атқарып жүрген қызметтеріне қарамастан, Кодекстің нормалары мен талаптарын мүлтіксіз сақтауға міндетті.

11.2. Кодекстің ережелерін білмеуі немесе түсінбеуі оқытушы мен қызметкердің әдепсіз мінез-құлқын ақтай алмайды.

11.3. Кодекстің ережелерін бұзу Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы мен қызметкерінің мәртебесіне үйлеспейтін әрекет ретінде қаралады.

11.4. Кодекс ережелерін сақтамағаны үшін оқытушыға және қызметкерге қатысты Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы шеңберінде тәртіптік жазалар қабылданады.


11.5. Кодекстің оқытушылар мен қызметкерлер тарапынан сақталуы оларды атқарып жүрген қызметіне сәйкестігін аттестаттау кезінде ескеріледі.

11.6. Университетте Кодекстің сақталуына және шиеленісті жағдайлардың шешілуіне тиісті құрылымдық бөлімшелердің басшылары бақылау жасайды.

11.7. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде орын алатын тәртіп бұзушылық фактілері бойынша қызметкерлерге қатысты жинақталған материалдарды қарап, оларға қатысты шара қолдануға шешім қабылдау университет ректорының 28.10.2021ж. №408-а «Тәртіптік комиссия құру туралы» бұйрығы негізінде құрылған комиссияда қаралып, Директорлар Кеңесіне ұсынылады.

Құрастырушы жұмыс тобы:

Академиялық мәселелер жөніндегі
проректор міндетін атқарушы




А.Т.Жүнісов

Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары
жөніндегі проректор



Ж.Н.Базартай

Персоналмен жұмыс және құқықтық
мәселелер басқармасының басшысы



С.М. Ильясова

Білім беру бағдарламаларын
басқару бөлімінің басшысы



А.М.Мұхамбетжан

Оқу үдерісін ұйымдастыру бөлімінің
басшысы



Д.М.Жарылгапова

